**Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 31 қазандағы № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 желтоқсанда № 9957 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 14.09.2018 № 373 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 13) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.05.2022 № 191 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 14.09.2018 № 373 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *В. Школьник*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитетінің төрағасы
________________ Ә.Смайлов
____ ________ 2014 жыл

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2014 жылғы 31 қазандағы
№ 92 бұйрығымен
бекітілген

## Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 14.09.2018 № 373 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және тауарлық, сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтерді ұсыну тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.05.2022 № 191 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган – газ өндіруді, тасымалдауды (тасуды), сақтауды және көтерме саудада өткізуді, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді және тұтынуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) уәкілетті органның ақпараттық жүйесі – жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратты жинауға, сақтауға, талдауға және өңдеуге арналған "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" интеграцияланған ақпараттық жүйесі.

3. Уәкілетті орган:

1) тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру көлемдерінің мониторингін;

2) тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды тасымалдау (тасу) және сақтау көлемдерінің мониторингін;

3) тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өткізу, оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге әкету және Қазақстан Республикасының аумағына әкелу көлемдерінің мониторингін;

4) Қазақстан Республикасында өткізілетін тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газдың көтерме және бөлшек сауда бағаларының мониторингін;

5) сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды Қазақстан Республикасының өңірлеріне және межелі елдері бойынша Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге тиеп-жөнелту көлемдерінің мониторингін;

6) Қазақстан Республикасының тауарлық газға және сұйытылған мұнай газына деген ішкі қажеттіліктерінің мониторингін қамтитын тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингін жүзеге асырады.

**2-тарау. Мәліметтер ұсыну тәртібі**

4. Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтерді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, ұлттық оператор, өндірушілер, тауарлық және (немесе) сұйытылған газды бөлшек және (немесе) көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар, газ тасымалдау және газ тарату ұйымдары ұсынатын мәліметтердің негізінде уәкілетті орган қалыптастырады.

5. Ұлттық оператор уәкілетті органға:

1) осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау көлемдері туралы мәліметтерді және тауарлық газды тауарлық газ қоймаларында сақтау жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірмей ;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде сатып алынған шикі және тауарлық газ көлемдері туралы мәліметтерді жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші ақпанынан кешіктірмей;

3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамы жөніндегі мәліметтерді жыл сайын, жоспарланатын кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей ұсынады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 11.01.2021 № 5 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Тауарлық газды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті органға тауарлық газды, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

7. Өндірушілер уәкілетті органға:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлық және сұйытылған табиғи газ өндіру жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей;

2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемі жөніндегі мәліметтерді жыл сайын, жоспарланатын кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей ұсынады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 11.01.2021 № 5 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Сұйытылған мұнай газын өндірушілер ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

1) меншікті сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы мәліметтерді;

2) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде басқа тұлғаларға тиесілі көмірсутек шикізатынан сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы мәліметтерді;

3) Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары (бұдан әрі –өнім беру жоспары) шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі мәліметтерді;

4) өнім беру жоспарынан тыс сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі мәліметтерді ұсынады.

9. Өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері уәкілетті органға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнім беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей ұсынады.

9-1. Сұйытылған мұнай газын көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар аумақтарында осындай өткізу жүзеге асырылатын

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына сұйытылған мұнай газын, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған мұнай газын өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

Ескерту. Қағидалар 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 11.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органға:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей:

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында сұйытылған мұнай газын өткізу және тұтыну жөніндегі мәліметтерді;

осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында сұйытылған мұнай газының көтерме және бөлшек сауда бағалары жөніндегі мәліметтерді;

2) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында сұйытылған мұнай газын тұтынудың алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамы жөніндегі мәліметтерді жыл сайын, жоспарланатын кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей ұсынады.

3) осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында сұйытылған мұнай газының қалдықтары бойынша мәліметтерді тәулік сайын Астана уақыты бойынша сағат 16:00-ге дейін.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 11.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.06.2025 № 244-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Сұйытылған табиғи газды көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті органға сұйытылған табиғи, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

12. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға:

1) тауарлық газды құбыржол көлігімен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге және Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдау туралы;

2) сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды теміржол, автомобиль, құбыржол, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге әкету және Қазақстан Республикасының аумағына әкелу туралы мәліметтерді ұсынады.

13. Тауарлық және сұйытылған мұнай газын өндіру, өткізу және тұтыну мониторингі деректерінің негізінде уәкілетті орган облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, ұлттық оператор, өндірушілер, тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар, газ тасымалдау және газ тарату ұйымдары оған ұсынатын мәліметтердің негізінде Қазақстан Республикасының аумағында тауарлық және сұйытылған мұнай газын өндірудің, өткізу мен тұтынудың алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамды балансын жасайды.

14. 31.12.2018 дейін қолданыста болды – ҚР Энергетика министрінің 14.09.2018 № 373 бұйрығымен.

15. Осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген мәліметтерді қоспағанда, осы Қағидаларда көзделген мәліметтер уәкілетті органға электрондық түрде уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған уәкілетті органның ақпараттық жүйесінің экрандық нысанын толтыру арқылы ұсынылады.

16. Уәкілетті орган, егер өндірушінің есепті айда сұйытылған мұнай газын өндірудің нақты көлемі жоспарланған көлемнің 110 (жүз он) пайызынан астамын құраған жағдайда, өндірушіге күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қосымша нақтыланған деректерді (мәліметтерді) беру туралы сұрау салу жібереді.

Ескерту. Қағидалар 16-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 11.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауарлық, сұйытылған мұнай<br>және сұйытылған табиғи газды<br>өндіру, тасымалдау (тасу),<br>сақтау, тиеп-жөнелту және<br>өткізу мониторингі бойынша<br>мәліметтер ұсыну қағидаларына<br>1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 18.06.2025 № 244-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді жинауға<br>арналған нысан

Ұсынылады: газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.egsu.energo.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау көлемдері туралы мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1 ТГТК.

Кезеңділік: айлық.

Есепті кезең: 20___ жылғы ____________ айы.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: ұлттық оператор.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей.

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | |

**(жеке тұлғалар деректерді ұсынған жағдайда, сондай-ақ жиынтық түрде толтырылмайды)**

Жинау әдісі: электрондық түрде

## 1-бөлім. Тауарлық газды ішкі беру

| № | Тауарлық газды ішкі беру (тұтынушының, өңірдің атауы) | Магистральдық газ құбыры | Тасымалдау көлемдері, мың текше метр | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жыл басынан |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 2 | | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | | | | | |
| Ішкі тасымалдаудың жиыны | | | | | | | | | | | | | | | |

## 2-бөлім. Тауарлық газдың халықаралық транзиті

| | Тауарлық | | Тасымалдау көлемдері, мың текше метр | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | | | |

| № | газдың халықаралық транзиті (ел) | Магистральдық газ құбыры | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жыл басынан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 2 | | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | | | | | |
| Халықаралық транзит жиыны | | | | | | | | | | | | | | | |

## 3-бөлім. Қазақстандық тауарлық газ экспорты

| № | Қазақстандық тауарлық газ экспорты (кен орнының, тауарлық газ өндірушімен берушінің атауы) | Магистральдық газ құбыры | Тасымалдау көлемдері, мың текше метр | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жыл басынан |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 2 | | | | | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | | | | | |
| Қазақстандық газ экспортының жиыны | | | | | | | | | | | | | | | |

## 4-бөлім. Тауарлық газ импорты

| | Тауарлық | Магистра | Тасымалдау көлемдері, мың текше метр | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | | | |

| № | **газ импорты (ел)** | **льдық газ құбыры** | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жыл басынан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 2 | | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | | | | | |
| Тауарлық газ импортының жиыны | | | | | | | | | | | | | | | |

Атауы ________________________ Мекенжайы__________________

Телефондар ________________________

Электрондық пошта мекенжайы________

Орындаушы____________________ ____________ қолы, телефоны

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам__________________

қолы _________________

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөрдің орны

(жеке кәсіпкерлерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

"Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау көлемдері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау көлемдері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (Индексі: 1 ТГТК, кезеңділігі: айлық)**

"Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау көлемдері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанда мынадай деректер көрсетіледі:

1) "Тауарлық газды ішкі беру" деген 1-бөлімде:

1-бағанда рет бойынша нөмірі көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат реттік нөмірлеуді үзбейді.

2-бағанда тауарлық газ тасымалданатын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атауы, магистральдық газ құбырынан бастап газ тұтынатын жүйелерге дейін тауарлық газ тасымалданатын газ таратушы ұйымдар көрсетіле отырып, Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің кодына сәйкес тауарлық газ

тасымалданатын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың коды көрсетіледі;

3-бағанда тауарлық газдың тасымалдануы жүргізілген магистральдық газ құбырының атауы көрсетіледі;

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-бағандарда айлар бойынша көрсеткіштерінің мәні көрсетіледі;

16-бағанда қаңтардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі мәндердің жиынтығы көрсетіледі;

2) "Тауарлық газдың халықаралық транзиті" деген 2-бөлімде:

1-бағанда рет бойынша нөмірі көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат реттік нөмірлеуді үзбейді;

2-бағанда тауарлық газ тасымалданатын учаскелердің атауы көрсетіле отырып, газ келетін елдің атауы көрсетіледі;

3-бағанда тауарлық газдың тасымалдануы жүргізілген магистральдық газ құбырының атауы көрсетіледі;

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-бағандарда айлар бойынша көрсеткіштерінің мәні көрсетіледі;

16-бағанда қаңтардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі мәндердің жиынтығы көрсетіледі;

3) "Қазақстандық тауарлық газ экспорты" деген 3-бөлімде:

1-бағанда рет бойынша нөмірі көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат реттік нөмірлеуді үзбейді;

2-бағанда тауарлық газ тасымалданатын учаскелердің атауы көрсетіле отырып, газ өндіруші компанияның атауы немесе тауарлық газдың экспортқа тасымалдануы жүргізілген кен орнының атауы көрсетіледі;

3-бағанда тауарлық газдың тасымалдануы жүргізілген магистральдық газ құбырының атауы көрсетіледі;

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-бағандарда айлар бойынша көрсеткіштерінің мәні көрсетіледі;

16-бағанда қаңтардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі мәндердің жиынтығы көрсетіледі;

4) "Тауарлық газ импорты" деген 4-бөлімде:

1-бағанда рет бойынша нөмірі көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат реттік нөмірлеуді үзбейді;

2-бағанда тауарлық газ тасымалданатын учаскелердің атауы көрсетіле отырып, газ келетін елдің атауы көрсетіледі;

3-бағанда тауарлық газдың тасымалдануы жүргізілген магистральдық газ құбырының атауы көрсетіледі;

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-бағандарда айлар бойынша тасымалдау көлемдері көрсеткіштерінің мәні көрсетіледі;

16-бағанда қаңтардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі мәндердің жиынтығы көрсетіледі.

Тауарлық, сұйытылған мұнай
және сұйытылған табиғи газды
өндіру, тасымалдау (тасу),
сақтау, тиеп-жөнелту және
өткізу мониторингі бойынша
мәліметтер ұсыну қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 18.06.2025 № 244-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.egsu.energo.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: Тауарлық газды тауарлық газ қоймаларында сақтау жөніндегі мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 2 ТГС.

Кезеңділік: айлық.

Есепті кезең: 20___ жылғы ____________ айы.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: ұлттық оператор.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей.

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | |

**(жеке тұлғалар деректерді ұсынған жағдайда, сондай-ақ жиынтық түрде толтырылмайды)**

Жинау әдісі: электрондық түрде

| **№** | **Қойманың аты** | **қаңтар** | **ақпан** | **наурыз** | **сәуір** | **мамыр** | **маусым** | **шілде** | **тамыз** | **қыркүйек** | **қазан** | **қараша** | **желтоқсан** | **Жыл басынан бері** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | Айдың басындағы газ қоры, | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | оның ішінде (иелерін көрсете отырып): | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Бір айда айдалғаны, оның ішінде (иелерін көрсете отырып): | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | Бір айда алынғаны, оның ішінде (иелерін көрсете отырып): | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | Айдың соңындағы газдың қоры, оның ішінде (иелерін көрсете отырып): | | | | | | | | | | | | | |

Атауы ________________________ Мекенжайы__________________

Телефондар _________________________ Электрондық пошта мекенжайы________

Орындаушы_____________________ ____________ қолы, телефоны

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам___________________

қолы __________________

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөрдің орны

(жеке кәсіпкерлерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

"Тауарлық газды тауарлық газ
қоймаларында сақтау жөніндегі
мәліметтер" әкімшілік
деректерді жинауға арналған
нысанға қосымша

**"Тауарлық газды тауарлық газ қоймаларында сақтау жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (Индексі: 2 ТГС, кезеңділігі: айлық)**

"Тауарлық газды тауарлық газ қоймаларында сақтау жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанда мынадай деректер көрсетіледі:

1-бағанда рет-ретімен нөмірлеу көрсетіледі;

1-жолда кезең басында көлемі сақталатын тауарлық газ иелерінің атауы көрсетіледі;

2-жолда қоймаға газ көлемі айдалған компанияның атауы көрсетіледі;

3-жолда газ көлемі қоймадан алынған компанияның атауы көрсетіледі;

4-жолда кезең соңында көлемі сақталатын тауарлық газ иелерінің атауы көрсетіледі;

3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-бағандарда айлар бойынша газ көлемдері көрсеткіштерінің мәні көрсетіледі;

15-бағанда қаңтардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі мәндердің жиынтығы көрсетіледі.

Тауарлық, сұйытылған мұнай
және сұйытылған табиғи газды
өндіру, тасымалдау (тасу),
сақтау, тиеп-жөнелту және
өткізу мониторингі бойынша
мәліметтер ұсыну қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 18.06.2025 № 244-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.egsu.energo.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: Сатып алынған шикі және тауарлық газ көлемдері туралы мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 3 САШТК.

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: 20___ жылғы ____________ айы.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: ұлттық оператор.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей.

| ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

**(жеке тұлғалар деректерді ұсынған жағдайда, сондай-ақ жиынтық түрде толтырылмайды)**

Жинау әдісі: электрондық түрде

| **Атауы (өңір және жер қойнауын пайдаланушы компания)** | **Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші бойынша аумақтың коды** | **Кен орны** | **Баға (уәкілетті орган бекіткен), теңге** | | **Газды сатып алу бағасы, теңге** | | **Газды сатып алу көлемі, мың текше метр** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | шикі газ | тауарлық газ | шикі газ | тауарлық газ | шикі газ | тауарлық газ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1-облыс | | | | | | | | |
| 1-жер қойнауын пайдаланушы | | | | | | | | |
| 2-жер қойнауын пайдаланушы | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | |
| 2-облыс | | | | | | | | |
| 1-жер қойнауын пайдаланушы | | | | | | | | |
| 2-жер қойнауын | | | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| пайдалану шы | | | | | |
| ... | | | | | |

Атауы __________________________ Мекенжайы_____________________________

Телефондар _____________________________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы___________________________________________

Орындаушы_____________________ _____________ қолы, телефоны

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам ___________ қолы ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөрдің орны

(жеке кәсіпкерлерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

"Сатып алынған шикі және тауарлық газ көлемдері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Сатып алынған шикі және тауарлық газ көлемдері туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (Индексі: 3 САШТК, кезеңділігі: жыл сайын)**

"Сатып алынған шикі және тауарлық газ көлемдері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанда мынадай деректер көрсетіледі:

1-бағанда облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атауы және ұлттық оператор шикі және/немесе тауарлық газды сатып алатын осы облыс шеңберіндегі жер қойнауын пайдаланушылардың атауы көрсетіледі;

2-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес ұлттық оператор шикі және/немесе тауарлық газды сатып алатын облыс, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың коды толтырылады;

3-бағанда қандай да бір жер қойнауын пайдаланушының кен орны атауы көрсетіледі;

4-бағанда кен орындары бойынша мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі газдың уәкілетті орган бекіткен бағасы көрсетіледі (бар болған жағдайда толтырылады);

5-бағанда кен орындары бойынша мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын тауарлық газдың уәкілетті орган бекіткен бағасы көрсетіледі (бар болған жағдайда толтырылады);

6-бағанда кен орындары бойынша шикі газдың сатып алу бағасы көрсетіледі, бір мың текше метр үшін теңгеде;

7-бағанда кен орындары бойынша тауарлық газдың сатып алу бағасы көрсетіледі, бір мың текше метр үшін теңгеде;

8-бағанда кен орындары бойынша шикі газдың көлемі көрсетіледі, бір мың текше метр;

9-бағанда кен орындары бойынша тауарлық газдың көлемі көрсетіледі, бір мың текше метр.

Тауарлық, сұйытылған мұнай
және сұйытылған табиғи газды
өндіру, тасымалдау (тасу),
сақтау, тиеп-жөнелту және
өткізу мониторингі бойынша
мәліметтер ұсыну қағидаларына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 18.06.2025 № 244-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.egsu.energo.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамы жөніндегі мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 4 ІҚБ.

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: 20___ жылғы ____________ айы.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: ұлттық оператор.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей.

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | |

**(жеке тұлғалар деректерді ұсынған жағдайда, сондай-ақ жиынтық түрде толтырылмайды)**

Жинау әдісі: электрондық түрде

| **№** | **Өңір** | **Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші бойынша коды** | **Тасымалдау көлемдері, мың текше метр** | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | Жылға |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жиыны | | | | | | | | | | | | | | |

Атауы ________________________ Мекенжайы_________________

Телефондар ________________________ Электрондық пошта мекенжайы ________

Орындаушы____________________ ____________ қолы, телефоны

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам__________________ қолы _________________

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөрдің орны

(жеке кәсіпкерлерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

"Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамы жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректердің жинауға арналған нысанға қосымша

**"Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамы жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (Индексі: 4 ІҚБ, кезеңділігі: жыл сайын)**

"Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамы жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанда мынадай деректер көрсетіледі:

1-бағанда тізім бойынша реттік нөмірі көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат реттік нөмірлеуді үзбейді;

2-бағанда тауарлық газ берілетін облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астананың атауы көрсетіледі;

3-бағанда тауарлық газ берілетін облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астананың Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес коды көрсетіледі;

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13,14 және 15-бағандарда тиісті ай бойынша тауарлық газға деген қажеттілік көлемдерінің мәндері көрсетіледі, мың текше метр;

16-бағанда қаңтардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі тауарлық газға деген қажеттіліктің жалпы көлемдерінің мәндері көрсетіледі.

Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша

мәліметтер ұсыну қағидаларына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 18.06.2025 № 244-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.egsu.energo.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: Тауарлық газды, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 5 ТГӨМ.

Кезеңділік: айлық.

Есепті кезең: 20___ жылғы ____________ айы.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: тауарлық газды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей.

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | |

**(жеке тұлғалар деректерді ұсынған жағдайда, сондай-ақ жиынтық түрде толтырылмайды)**

Жинау әдісі: электрондық түрде

**1-бөлім. Тауарлық газды көтерме саудада өткізу**

| **Өңір** | **Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші бойынша коды** | **Көтерме саудада өткізудегі баға** | **тауарлық газды өткізу көлемі, мың текше метр** | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | Жиыны__ жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| Жиыны | | | | | | | | | | | | | | | |

**2-бөлім. Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу**

| **Өңір** | **Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішібойынша коды** | **Газ беруші** | **Газ өткізумен айналысатын субъект** | **Газ беру көлемі** | **Өткізу көлемі** | **Газды сатып алу бағасы** | **Жабдықтау үстемесі, орталық аппарат** | **Жабдықтау үстемесі, өндірістік филиал** | **Тарату желілеріндегі тарифтер** | **Жіберу тарифі** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| Жиыны | | | | | | | | | | |

Атауы ________________________ Мекенжайы_________________

Телефондар ________________________ Электрондық пошта мекенжайы ________

Орындаушы____________________ ____________ қолы, телефоны

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам__________________ қолы _________________

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөрдің орны

(жеке кәсіпкерлерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

"Тауарлық газды, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Тауарлық газды, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (Индексі: 5 ТГӨМ, кезеңділігі: айлық)**

"Тауарлық газды, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанда мынадай деректер көрсетіледі:

1) "Тауарлық газды көтерме саудада өткізу" деген 1-бөлімде:

1-бағанда тауарлық газ өткізілген облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астананың атауы көрсетіледі;

2-бағанда тауарлық газ өткізілген облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астананың Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес коды көрсетіледі;

3-бағанда тауарлық газдың мың текше метр үшін теңгеде көтерме саудадағы бағасы көрсетіледі;

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13,14 және 15-бағандарда есепті ай бойынша өткізілген тауарлық газ көлемінің мәндері көрсетіледі, мың текше метр;

16-бағанда қаңтар айынан есепті айды қоса алғандағы кезеңдегі мәннің сомасы көрсетіледі;

2) "Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу" деген 2-бөлімде:

1-бағанда тауарлық газ өткізілген облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астананың атауы көрсетіледі;

2-бағанда тауарлық газ өткізілген облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астананың Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес коды көрсетіледі;

3-бағанда газ беретін кәсіпорынның атауы көрсетіледі;

4-бағанда газ өткізумен айналысатын субъектінің атауы көрсетіледі;

5-бағанда газ беретін кәсіпорынның берген газ көлемі мың текше метрде көрсетіледі;

6-бағанда газды жеткізетін кәсіпорынның газ өткізілген көлемі мың текше метрде көрсетіледі;

7-бағанда сатып алу бағасы мың текше метр үшін көрсетіледі;

8-бағанда орталық аппараттың жабдықтау үстемесі мың текше метр үшін теңгеде көрсетіледі;

9-бағанда өндірістік филиалдың жабдықтау үстемесі мың текше метр үшін теңгеде көрсетіледі;

10-бағанда тарату желілеріндегі мың текше метр үшін теңгеде тарифтер көрсетіледі;

11-бағанда мың текше метр үшін қосылған құн салығын қоспағанда теңгеде босату тарифі көрсетіледі.

Тауарлық, сұйытылған мұнай
және сұйытылған табиғи газды
өндіру, тасымалдау (тасу),
сақтау, тиеп-жөнелту және
өткізу мониторингі бойынша
мәліметтер ұсыну қағидаларына
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 18.06.2025 № 244-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.egsu.energo.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: Тауарлық және сұйытылған табиғи газ өндіру жөніндегі мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 6 ТСГӨ.

Кезеңділік: айлық.

Есепті кезең: 20___ жылғы ___________.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: өндірушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей.

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | |

**(жеке тұлғалар деректерді ұсынған жағдайда, сондай-ақ жиынтық түрде толтырылмайды)**

Жинау әдісі: электрондық түрде

| | | **Өлшем бірлігі** | **Қаңтар** | **Ақпан** | **Наурыз** | **Сәуір** | **Мамыр** | **Маусым** | **Шілде** | **Тамыз** | **Қыркүйек** | **Қазан** | **Қараша** | **Желтоқсан** | **Жыл басынан** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 1 | Шикізатты өңдеу | | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Өндіру: | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | сұйытылған табиғи газ | | | | | | | | | | | | | | |
| | оның ішінде | | | | | | | | | | | | | | |
| | 1 - марка | | | | | | | | | | | | | | |
| | 2 - марка | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | тауарлық газ | | | | | | | | | | | | | | |

Атауы ________________________ Мекенжайы__________________

Телефондар ________________________ Электрондық пошта мекенжайы ________

Орындаушы____________________ ____________ қолы, телефоны

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам__________________

қолы _________________

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөрдің орны

(жеке кәсіпкерлерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

"Тауарлық және сұйытылған
табиғи газ өндіру жөніндегі
мәліметтер" әкімшілік
деректерін жинауға арналған
нысанға қосымша

**"Тауарлық және сұйытылған табиғи газ өндіру жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (Индексі: 6 ТСГӨ, кезеңділігі: айлық)**

"Тауарлық және сұйытылған табиғи газ өндіру жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанда мынадай деректер көрсетіледі:

1-жолда тауарлық және сұйытылған газды өндіру үшін есепті кезеңде өңделген шикізат көлемі көрсетіледі;

2-жолда маркасын көрсете отырып, өндірілген сұйытылған табиғи газдың есепті айдағы көлемі көрсетіледі;

3-жолда өндірілген тауарлық газдың есепті айдағы көлемі көрсетіледі;

2-бағанда газ көлемдерінің өлшем бірліктері көрсетіледі;

3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-бағандарда айлар бойынша көрсеткіштерінің мәні көрсетіледі;

15-бағанда қаңтардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі мәндердің жиынтығы көрсетіледі.

Тауарлық, сұйытылған мұнай
және сұйытылған табиғи газды
өндіру, тасымалдау (тасу),
сақтау, тиеп-жөнелту және
өткізу мониторингі бойынша
мәліметтер ұсыну қағидаларына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 18.06.2025 № 244-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.egsu.energo.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемі жөніндегі мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 7 ТСГӨБК.

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: 20___ жылғы ____________.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: өндірушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей.

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | |

**(жеке тұлғалар деректерді ұсынған жағдайда, сондай-ақ жиынтық түрде толтырылмайды)**

Жинау әдісі: электрондық түрде

| | | **Өлшем бірлігі** | **Қаңтар** | **Ақпан** | **Наурыз** | **Сәуір** | **Мамыр** | **Маусым** | **Шілде** | **Тамыз** | **Қыркүйек** | **Қазан** | **Қараша** | **Желтоқсан** | **____ жыл басынан** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 1 | Шикізатты өндеу Өндіру: | | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | сұйытылған мұнай газы | | | | | | | | | | | | | | |
| | оның ішінде | | | | | | | | | | | | | | |
| | 1 - марка | | | | | | | | | | | | | | |
| | 2 - марка | | | | | | | | | | | | | | |
| | ... | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | сұйытылған табиғи газ | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | оның ішінде | | | | | | | | | | | | | | |
| | 1 - марка | | | | | | | | | | | | | | |
| | 2 - марка | | | | | | | | | | | | | | |
| | ... | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | тауарлық газ | | | | | | | | | | | | | | |

Атауы _________________________ Мекенжайы_________________

Телефондар _________________________ Электрондық пошта мекенжайы ________

Орындаушы____________________ ____________ қолы, телефоны

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам___________________ қолы _________________

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөрдің орны

(жеке кәсіпкерлерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

"Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемі жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемі жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (Индексі: 7 ТСГӨБК, кезеңділігі: жыл сайын)**

"Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемі жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанда мынадай деректер көрсетіледі:

2-жолда маркасын көрсете отырып, сұйытылған мұнай газын өндірудің болжанатын көлемдері көрсетіледі;

3-жолда маркасын көрсете отырып, сұйытылған табиғи газды өндірудің болжанатын көлемдері көрсетіледі;

4-жолда тауарлық газды өндірудің болжанатын көлемдері көрсетіледі;

1-бағанда шикізатты өндеудің жалпы болжанатын көлемі көрсетіледі;

2-бағанда сұйытылған мұнай, сұйытылған табиғи және тауарлық газ шикізаттары көлемдерінің өлшем бірліктері көрсетіледі;

3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-бағандарда айлар бойынша көрсеткіштердің мәні көрсетіледі;

15-бағанда қаңтардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі мәндердің жиынтығы көрсетіледі.

Тауарлық, сұйытылған мұнай
және сұйытылған табиғи газды
өндіру, тасымалдау (тасу),
сақтау, тиеп-жөнелту және
өткізу мониторингі бойынша
мәліметтер ұсыну қағидаларына
8-қосымша

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 18.06.2025 № 244-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.egsu.energo.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: Меншікті сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы мәліметтер және (немесе) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде басқа тұлғаларға тиесілі көмірсутек шикізатынан сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы мәліметтер және Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі мәліметтер және (немесе) сұйытылған мұнай газын беру жоспарынан тыс тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 8 СМГӨКМ.

Кезеңділік: айлық.

Есепті кезең: 20___ жылғы ____________.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: өндірушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей.

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | |

**(жеке тұлғалар деректерді ұсынған жағдайда, сондай-ақ жиынтық түрде толтырылмайды)**

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-бөлім. Меншікті сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы мәліметтер және (немесе) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде басқа тұлғаларға тиесілі көмірсутек шикізатынан сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы мәліметтер

| **№** | **Өндірушінің атауы, бизнес-сәйкес тендіру нөмірі** | **Қаңтар** | **Ақпан** | **Наурыз** | **Сәуір** | **Мамыр** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Сұйытылған мұнай газын өндірудің жалпы көлемі, тонна | | | | | |
